

УДК 346.62:347.73

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ  
ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ  
АСЫРУДЫ БАҒАЛАУ**

**Сапарханов Нұрбол Жұмағалиұлы**

*n.saparkhanov23@bk.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» мамандығының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.К. Жахметова

Қазақстан - тоғыз жолдың торабында орналасқан жер үсті және жер асты материалдарынан кенде емес Орталық Азияның ортасынан ойып тұрып орын алған ерекше потенциалды мемлекет. Солтүстігімізде Ресей мен шығысымызда Қытай сияқты әлемнің алпауыт мемлекеттерімен тереземіз тең болу үшін индустрия мен инфрақұрылымды дамыту негізгі мәселелердің бірі екені белгілі.


Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі индустрия және индустриялық даму, тау-кен металлургиялық кешен, жергілікті қамтуды дамыту, машина жасау, көмір, химия, фармацевтика және медицина өнеркәсібі, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісі, салалық бағыттылығына ұқсас машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімдерінің қауіпсіздігі; экспорттық бақылау; өнеркәсіптік қауіпсіздік; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісін және бағалы металдар мен асыл тастар, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары, зергерлік және басқа да бұйымдар айналымын реттеу; арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және жетілдірілуі; уран өндіруді қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару; теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі, сауда мақсатында теңізде жүзу салаларында, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін игеру мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі, аэронавигация және әуежайлар қызметі саласындағы табиғи монополия, әуежайлар қызметі саласындағы қоғамдық маңызы бар нарықтар, автомобиль дәліздері; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен (қатты тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) жұмыс істеу, елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен қамтамасыз ету (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа) саласындағы мемлекеттік реттеу, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігінің мақсаттары:

-индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау,

Елімізде жүргізіліп жатқан шаралардың барлығы дерлік осы индустрия және инфрақұрылымыды дамыту министрлігімен тікелей қатысты және де елді индустриялық дамыту үшін барлық тараптардан инвестициялар тартылып жатыр. Ағымдағы жағдайды талдау және тәуекелдерді басқару, реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлерін келесі дерек көздерінде көрсетілген.

Фармацевтика өнімдері өндірісінің көлемі 2016 жылы 42,5 млрд теңгені, 2017 жылы 73,4 млрд. теңгені, 2018 жылы 78,8 млрд. теңгені құрап отырғаны белгілі.



2-сурет. Анықталған бұзушылықтың жалпы сомасы, тенге

Фармацевтика өнімдері өндірісінің нақты көлемінің көрсеткіштері 2016 жылы - 102,6%, 2017 жылы – 141,7 %, 2018 - жылы 101 % құрап отыр. Отандық фармацевтика өнеркәсібінде жаңа сұранысқа ие өнімдер пайда бола бастады, оларды атап айтатын болсақ:

- дәрілік препараттар (онкологиялық, кардиологиялық, аллергияға қарсы, вирусқа қарсы, асқазан-ішек, туберкулезге қарсы, грибоктарға қарсы, бактерияларға қарсы);

- медициналық мақсатта қолданатын бұйымдар (бір реттік қолдануға арналған медициналық киімдер, екпелер, инфузиялық ерітінділер құюға арналған жүйелер, бір реттік қолғаптар, веноздық қанды жинақтау және сақтау үшін бір реттік стерильді вакуумдық түтіктер, гинекологияға арналған медициналық бұйымдар);

- медициналық құрылғылар (рентген құрылғылары, компьютерлік томография, медициналық жиһаз, офтальмологиялық линзалар).

Фармацевтика саласын дамыту үшін мынадай шараларды жүзеге асыру негізделеді:

Кәсіпорындардың GMP халықаралық стандартын енгізу шығыстарына жұмсалған шығындарын өтеу, инновацияларды дамыту және фармацевтика өнеркәсібін ғылымды дамыту басымдығы тізбесіне енгізу арқылы салада зерттеулер жүргізуді ынталандыру, бірыңғай дистрибьютор арқылы отандық өндірушілерден дәрілік заттарды, медициналық жабдықты және медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық ұзақ мерзімді сатып алу тетігін жетілдіру, салада жаңа өндіріс түрлерін құру, саланың еліміздегі жасап шығарушылары үшін преференциялық жүйесін құру сияқты саланың басты проблемаларын шешу.


Аталғандардан басқа, отандық өндірістің фармацевтикалық және медициналық мақсаттағы бұйымдарын жаңа нарыққа жылжыту, республика аумағында өндірістің, биотехнология мен вакциналардың жаңа түрлерін жасап шығару үшін ірі шетелдік компанияларды тарту бойынша жұмыстар жүргізілетінін жеткізіп отыр.

Ендігі кезекте индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі мынадай 4 стратегиялық бағытқа басымдық беретін болады. Олар:

1. Елді индустриялық дамыту үшін жағдайлар жасау.
2. Экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету және транзиттік әлеуетін іске арттыру үшін көлік инфрақұрылымын жетілдіру.
3. Құрылыс саласын және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жетілдіру.
4. Қорғаныс өнеркәсібін және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты жетілдіру.

Осы аталған шараларды дамыту немесе жүзеге асыру барысында әрбір стратегиялық бағыттардың басымдық беретін критерийлері болады.

3 суретте «Елді индустриялық дамыту үшін жағдайлар жасау» атты 1-стратегиялық бағыттың басымдылық берілген «Индустриялық дамуына және өнеркәсіптік қауіпсіздікке жәрдемдесу» бөлімі негізінде жасалған өңдеуші өнеркәсіп салаларында еңбек өнімділігінің өсуін пайыздық көрсеткіштер арқылы сипаттау диаграммасы болып табылады.



Сурет-3. Өңдеуші өнеркәсіп салаларында еңбек өнімділігінің өсуі, %

Осы мемлекеттік бағдарламаның аясында еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға арналған өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екіпінді ынталандыру мақсаты анықталады.

Сонымен қатар, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамасында ерекше бағыттарды таңдауды және жоспарланған шараларды көздейтін бірқатар ережелері айқындалады. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігінің жұмыс жоспары және аудиторлық тексеріс жүргізу мәселелерімен осы мақала барысында мейлінше ақпараттарға қол жеткіздік. Көріп отырғанымыздай министрліктің даму жағдайы жақсы деңгейде, бірақ әліде дамытатын мәселелер бар екені барлығымыз мәлім. Қорыта айтқанда министрліктің даму деңгейіне мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев жақсы көзқараста екенін жеткізді және осы саладан еліміздің дамуы үшін жасалатын көптеген өзгерістерді күтетінін мәлімдеді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымды дамыту Министрлігінің ресми сайты - <http://miid.gov.kz/>.
2. Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі - <http://adilet.zan.kz/>.
3. Қазақстан Республикасының электрондық үкіметінің сайты - <https://egov.kz/cms/kk>.
4. «Бәйтерек» ұлттық холдингінің ресми сайты - [www.baiterek.gov.kz](http://www.baiterek.gov.kz).

-индустриялық қызмет саласындағы жергілікті қамтуды дамыту,  
-өнеркәсіптік қауіпсіздік, көмір өнеркәсібі, бағалы металдар өндірісі және бағалы металдар мен асыл тастар, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары, зергерлік және басқа да бұйымдар айналымын реттеу;

-экономика мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көлік-коммуникация құрылымын дамыту мақсатында теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі, сауда мақсатында теңізде жүзу,


-Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі, автомобиль жолдары салаларында елді ғылыми-техникалық дамыту;

-сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен (қатты тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) жұмыс істеу,

-елді мекендер шегінде сумен қамтамасыз ету және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа), экспорттық бақылау,

-қорғаныс саласы және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру болып табылады.

Министрлік Елбасының тапсырмасымен қабылданған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстарды жүргізуді аяқтады. Осы бағдарламаны іске асыру барысында аудиторлық тексеріс жұмыстары жүргізілген болатын, енді сол тексеру жұмыстарының қорытындысын келесі кестелерден көре аласыздар:



1-сурет. Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражаттың сомасы, мың теңге

Мемлекеттік аудит арқылы қамтылған бюджеттік қаражаттың сомасы 2018 жылғы мәлімет бойынша 29 505 211 мың теңгені, 2017 жылы - 13 079 700 мың теңгені, 2016 жылы - 6 951 800 мың теңгені құрап отыр.

Сәйкесінше әрбір жылдардағы мемлекеттік аудит бойынша тексерістен кейін анықталған аудиторлық бұзушылықтардың сомасы келесі 2 диаграммада көрсетілген.

Анықталған құқық бұзушылықтардың жалпы орын алған сомасы 2018 жылы - 470 506 теңгені, 2017жылы - 1 322 600 теңгені, 2016 жылы - 948 800 теңгені құрады.

Осындай құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қазіргі таңда көптеген жұмыстар атқарылып жатыр.